

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция комитетінің
төрағасы міндетін атқарушысымен
бекітілген

2019 жылғы «__» _____
№ _____

**«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік
Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің
ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Инспекция) мемлекеттік орган және Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және осы Ережемен жүктелген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі - Комитет) құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, астық нарығын реттеу, асыл тұқымды мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы бөлігінде жүзеге асыратын, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласында (бұдан әрі - реттелетін сала) стратегиялық функцияларды орындауда қатысатын ведомствоның аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеме ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарға қатынастарға өз атынан түседі.

5. Инспекция егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Инспекция құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 150007, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57В үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

10. Инспекцияның аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялары, сонымен қатар фитосанитарлық бақылау бекеттері бар.

11. Осы Ереже Инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

12. Осы Инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Инспекция функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады. Егер Инспекция заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Инспекцияның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Міндеті: өсімдіктер карантині саласында реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындау, сондай-ақ стратегиялық функцияларды орындауға қатысу.

Функциялары:

- 1) өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) өсімдіктер карантині саласында жасалған келісімдерге сәйкес халықаралық нормалар мен талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) карантинге жататын өнімге фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар береді;
- 4) өсімдік тектес өнімдер өсіретін, дайындайтын, қоймада сақтайтын, қайта өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, ішкі сауда объектілерінің, шаруа немесе фермер, үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ауыл шаруашылығы және басқа да мақсаттағы жерлерге тұрақты бақылау ішінара зерттеулерін жүргізеді;
- 5) өсімдіктер карантині бойынша іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады және өз құзыреті шегінде олардың жүргізілуіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

7) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге, көлік құралдарына және тасымалдауға арналған айлабұйымдарға (оның ішінде көлік құралдарының кабиналарына, салондарына, багаж және жүк бөлімшелеріне, контейнерлерге), жеке тұлғалардың қол жүгі мен багажына бастапқы карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оған зертханалық сараптама жүргізеді, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды, ілеспе тауар-көлік құжаттарына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы белгіленген үлгідегі тиісті мөртабан басады;

8) карантинге жатқызылған өнімнің межелі пунктінде көлік құралдарын және тасымалдауға арналған айлабұйымдарды (оның ішінде көлік құралдарының кабиналарын, салондарын, багаж және жүк бөлімшелерін, контейнерлерді), жеке тұлғалардың қол жүгі мен багажын қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды, үлгілерді іріктеуді, қажет болған кезде аумақтың фитосанитариялық сипаттамасын және оның шыққан жерін, межелі пунктін, сондай-ақ карантиндік объектілерден бос жатқан немесе олар аз таралған аймақтарды есепке ала отырып, зертханалық сараптама жүргізеді, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды, ілеспе тауар-көлік құжаттарына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы белгіленген үлгідегі тиісті мөртаңба басады;

9) әкетілетін карантинге жататын өнімді тиіп жөнелту орындарында тұрақты карантиндік тексеріп қарауды, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын және фитосанитариялық сертификаттауды жүргізеді;

10) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге құжаттамалық мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау жүргізеді;

11) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкетілетін және транзиттік карантинге жататын өнімдердің карантиндік құжаттарының болуын және дұрыс ресімделуін тұрақты негізде қарайды;

12) Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және ұйымдарында карантинге жататын өнімді тұрақты тексеріп қарауды, қажет болған кезде үлгілерін іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

13) уәкілетті ұйымда импорттық себу материалдары мен отырғызылатын материалдардың карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен жасырын залалданған-залалданбағанын зерттеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды;

14) жеке және заңды тұлғалардың карантиндік шараларды орындауына тұрақты бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

15) карантиндік режимді енгізу немесе жою туралы карантиндік аймақтарды белгілеу бойынша жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар енгізеді;

16) екі немесе одан көп облыс аумағындағы карантиндік аймақтарда өсімдіктер карантинінің жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқамалар береді және олардың орындалуын бақылайды;

19) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы сотқа талап арыз жібереді;

20) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құзыреттіліктерді жүзеге асырады.

15. Міндеті: өсімдіктерді қорғау саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ стратегиялық функцияларды орындауға қатысу.

Функциялары:

1) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуде мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіреді;

2) фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастырады;

3) өсімдіктерді қорғау саласындағы халықаралық бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

4) бекітілген аумақта мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

5) фитосанитариялық есепке алу мен есептілік жүргізуді ұйымдастырады;

6) бекітілген аумақта фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне барады;

8) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;

9) жеке және заңды тұлғаларға бекітілген аумақта фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі нұсқамалар шығарады және олардың орындалуын бақылайды;

10) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар шығарады;

11) айрықша жағдайларда үш күннен аспайтын мерзімде сотқа міндетті түрде талап арыз бере отырып, аталған мерзімге дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың қызметін сот шешімінсіз тоқтата тұрады немесе оған тыйым салады;

12) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапқа тартады;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құзыреттіліктерді жүзеге асырады.

16. Міндеті: астық нарығын реттеу саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) астық нарығының мониторингін жүзеге асырады;

2) астық қабылдау кәсіпорындарын олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін жыл сайынғы тексеруді өткізуге қатысады;

3) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, астықты экспорттаушылар мен астық қабылдау кәсіпорындарына нұсқамалар береді;

4) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар береді;

6) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды және әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құзыреттіліктерді жүзеге асырады.

17. Міндеті: асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырады;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізеді және статистикалық ақпарат қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

3) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаларды қабылдайды;

4) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың жай-күйіне, оның есепке алынуы мен есептілігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

6) өткізілетін асыл тұқымды өнімге (материалға) берілетін асыл тұқымдық куәліктер деректерінің дұрыстығына бақылауды жүзеге асырады;

7) асыл тұқымдық куәліктерде көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді;

8) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9) нұсқамалар беруге және олардың орындалуын бақылауға;

10) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құзыреттіліктерді жүзеге асырады.

18. Міндеті: тұқым шаруашылығы саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
2) селекция, сорттық сынау және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асырады;

3) республиканың тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады;

4) уәкілетті орган бекіткен сорттарды тіркеу қағидаларына сәйкес сорттардың оригиналаторларын тіркейді;

5) отандық және шетелдік селекция сорттарын мемлекеттік сынауды ұйымдастырады;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құзыреттіліктерді жүзеге асырады.

19. Міндеті: агроөнеркәсіптік кешен саласында реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) мынадай салаларда мемлекеттік саясатты іске асырады:

агроөнеркәсіптік кешен;

өсімдік шаруашылығы;

бал ара шаруашылығы;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асырады;

4) орталық атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері мен жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп айқындайды;

5) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға және мемлекеттік ақпараттық жүйелерге жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастырады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен стандарттау бойынша техникалық регламенттер әзірлеу, нормативтік құжаттарды өзекті ету және біріздендіру туралы ұсыныстар дайындайды және енгізеді;

7) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер, сәйкестікті растау органдарын және сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдер жөнінде зертханалар құру бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

8) стандарттар мен өзге де құжаттар әзірлеу жөніндегі жоспарларды әзірлеу мен іске асыруды және оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үндестіруді жүзеге асырады;

9) техникалық регламенттердің және олармен өзара байланысты стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдауды жүзеге асырады;

10) техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

11) үкіметтік емес стандарттар әзірлеуге қатысуды жүзеге асырады;

12) үкіметтік емес стандарттар базасында ұлттық стандарттар әзірлеу бастамашылығын жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

14) Инспекцияның, Инспекцияның аумақтық бөлімшелерінің бюджеттік өтінімдерін дайындауды, оны Комитетке ұсынуды, сондай-ақ бюджеттік процестің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

15) статистикалық әдіснаманы әзірлеу мен қалыптастыруға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қатысады;

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, салалық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және салалық жұмыскерлер бірлестіктерімен бірлесіп, кәсіби стандарттар әзірлеуге қатысады;

17) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты ұсынады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік аумақта/аумақтан тыс және ішкі тұтыну үшін тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты береді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытынды береді;

20) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құзыреттіліктерді жүзеге асырады.

20. Негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін Инспекция өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады:

1) Инспекцияның құзыретіне кіретін мәселелерді шешу мақсатында басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан ақпараттар сұрайды;

2) бағынысты мекемелер мен ұйымдардың құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды жүзеге асырады;

3) реттеуші саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа талап арызбен жүгінеді және оны қарастыруға қатысады;

4) өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде Комитет құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдардың ресми сұрауы бойынша қажетті мәліметтерді ұсынады;

5) әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

6) реттеуші салада Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3-тарау. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру

21. Инспекция басшылықты Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

22. Инспекция басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады

23. Инспекция басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бір орынбасары болады.

24. Инспекция басшысының құзыреті:

1) өзінің орынбасарының, Инспекцияның құрылымдық бөлімшелерінің, аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялар басшыларының міндеттері мен құзыреттерін анықтайды;

2) заңнамаға сәйкес Инспекция басшысы орынбасарынан басқа, облыстық инспекция басшылары мен қызметкерлерін лауазымдарына тағайындайды және босатады;

3) Инспекция басшысы орынбасарынан басқа заңнама талаптарында белгіленген тәртіппен аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялардың басшылары мен облыстық және аудандық (қалалық) аумақтық инспекция қызметшілерін көтермелейді және тәртіптік жазаға тартады.

4) облыстық және аудандық (қалалық) инспекция қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

6) Инспекцияның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

7) аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялар туралы ережелерді бекітеді;

8) Комитетпен келісе отырып фитосанитарлық бақылау бекеттерінің тізімі мен дислокация орындарын анықтайды;

9) фитосанитарлық бақылау бекеттері туралы ережелерді бекітеді;

10) Комитетке фитосанитарлық бақылау бекеттерін бекіту бойынша ұсыныстар жібереді;

11) заңнамамен бекітілген тәртіпте іссапарға шығу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру,

көтермелеу, үстемақылар мен сыйақыларды төлеу бойынша мәселелерді шешеді;

12) өз құзыреті шегінде Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға жеке жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құзыреттіліктерді жүзеге асырады.

Инспекция басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. Басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Инспекцияның мүлкі

26. Инспекция заңнамада көрсетілген жағдайда жедел басқару құқығында жеке мүлікке ие болуы мүмкін. Инспекцияның мүлкі мемлекетпен берілген мүліктен құрылады және Инспекция балансында көрініс табатын Инспекция активтерін құрайды.

27. Инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

28. Инспекцияның өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату

29. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Айыртау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақжар аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

3. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Аққайың аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

4. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мағжан Жұмабаев аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

5. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Есіл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

6. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

7. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылжар аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

8. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мамлют аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

9. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шал ақын аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

10. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Тайынша аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

11. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Тимирязев аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

12. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Уәлиханов аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

13. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ғабит Мүсірепов ауданының аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

14. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Петропавл қалалық аудандық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.